1-тарау. Эмитенттің атауы және оның орналасқан жері туралы ақпарат

1. Құрылтай құжаттарына сәйкес эмитент туралы ақпарат

1) Эмитенттің бастапқы мемлекеттік тіркеуден өткен күні:

«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамын (бұдан әрі – «Эмитент») бастапқы мемлекеттік тіркеу 2007 жылғы 10 мамырда жүргізілді.

2) Эмитенттің мемлекеттік қайта тіркеуден өткен күні (егер қайта тіркеу жүзеге асырылған жағдайда):

Эмитентті мемлекеттік қайта тіркеу 2017 жылғы 10 наурызда жүргізілді.

3) Эмитенттің қазақ, орыс және ағылшын (бар болса) тілдеріндегі толық және қысқартылған атауы:

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Мемлекеттік тілде	«Самұрық - Энерго» акционерлік қоғамы	«Самұрық - Энерго» АҚ
Орыс тілінде	Акционерное общество «Самрук-Энерго»	АО «Самрук-Энерго»
Ағылшын тілінде	«Samruk-Energy» Joint Stock Company	JSC «Samruk-Energy»

4) Эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның барлық алдыңғы толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олардың өзгертілген күні көрсетіледі:

Эмитенттің атауында өзгерістер болған жоқ.

5) егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқықтық мирасқорлық туралы мәліметтер көрсетіледі;

Эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылмады.

6) Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда заңды тұлғалардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу туралы анықтамаға сәйкес олардың атауы, эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің тіркелген (қайта тіркелген) күні, орналасқан жері және пошталық мекенжайлары көрсетіледі:

Осы Проспект жасалған күнінде эмитенттің филиалдары және (немесе) өкілдіктері жоқ.

7) Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі:

Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі: 070540008194

8) ISO 17442 «Financial services - Legal Entity Identifier» (LEI) халықаралық стандартына сәйкес Legal entity Identifier коды (бар болса):

ISO 17442 «Financial services - Legal Entity Identifier» (LEI) халықаралық стандартына сәйкес Legal entity Identifier коды жоқ.

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес байланыс телефондарының нөмірлері, факс және электрондық пошта мекенжайы көрсетілген, сондай-ақ егер эмитенттің нақты мекенжайы эмитенттің заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамада көрсетілген орналасқан жерінен өзгеше болған жағдайдағы эмитенттің орналасқан жері.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 15А, Б блогы, «Q» бизнес орталығы;

Байланыс телефонының нөмірі: + 7 (7172) 55-31-28;

Факс нөмірі: +7 (7172) 55-30-30;

Электрондық пошта: info@samruk-energy.kz.

Нақты мекенжайы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамада көрсетілген мекенжайдан бөлек емес.

2-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздар туралы, оларды төлеу және олар бойынша кіріс алу тәсілдері туралы мәліметтер

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі;

2) бір облигацияның номиналдық құны (егер бір облигацияның номиналдық құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналдық құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі);

3) облигациялардың саны;

4) облигациялар шығарылымның жалпы көлемі;

5) номиналды құн валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі:

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

5. Облигациялар бойынша кіріс алу:

1) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері.

Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алу басталуына немесе бастамауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздері көрсетіле отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі;

2) сыйақыны төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні;

3) облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн;

4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі;

5) облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері;

2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі;

3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

7. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

- 1) *оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;*
- 2) *секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;*
- 3) *талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылауды жүзеге асыру тәртібі;*
- 4) *бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;*
- 5) *секьюритилендіру мәмілесі бойынша қызметке ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы болатын талаптар;*
- 6) *оригинатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;*
- 7) *секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтер өсімінің мөлшері, құрамы мен болжамдық талдауы;*
- 8) *талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары;*
- 9) *облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әртүрлі шығарылымдар облигацияларын өтеу кезектілігі.*

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

3-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру, айналысы, өтеу шарттары мен тәртібі, сондай-ақ Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары

8. Облигацияларды орналастыру шарттары және тәртібі:

- 1) *облигацияларды орналастырудың басталған күні;*
- 2) *облигацияларды орналастырудың аяқталған күні;*
- 3) *онда облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).*

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

9. Облигациялар айналысының талаптары және тәртібі:

- 1) *облигациялар айналысының басталу күні;*
- 2) *облигациялар айналысының аяқталу күні;*
- 3) *облигациялар айналысының мерзімі;*
- 4) *облигациялар айналысы жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы).*

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

10. Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі:

- 1) *облигацияларды өтеу күні;*
- 2) *облигацияларды өтеу тәсілі;*
- 3) *егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүлкілік құқықтармен жүргізілетін болса, осындай құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі.*

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

11. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда:

- 1) *облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары;*
- 2) *облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі көрсетіледі.*

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

4-тарау. Ковенанттар (шектеулер), олар бар болса

12. Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда:

- 1) эмитент қабылдайтын және бағалы қағаздар рыногы туралы көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы;
- 2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі эмитенттің іс-әрекетінің тәртібі;
- 3) ковенанттар бұзылған кездегі облигация ұстаушылардың іс-әрекетінің тәртібі көрсетіледі.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

5-тарау. Эмиссиялық бағалы қағаздарды конвертациялау талаптары, мерзімдері мен тәртібі (конвертацияланатын бағалы қағаздарды шығару кезінде)

13. Айырбасталатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар;

2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, айырбастаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі - Банктер туралы заң) 61-10-тармағында көзделген негізде және тәртіппен төлемге қабілетсіз банктер санатына жатқызылған банк уәкілетті органның шешіміне сәйкес облигацияларды акцияларға айырбастау талаптарын көрсетеді.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

6-тарау. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын облигациялар эмитенті мүлкінің құнын көрсете отырып, осы мүлік туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген облигациялар бойынша)

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы;

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

15. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе).

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

7-тарау. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

17. Облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары.

"Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен "жасыл" облигациялар және "жасыл" кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын "жасыл" жобаларды жіктеудің және (немесе) экология және (немесе) "жасыл" қаржыландыру саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттардың сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі.

Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда (әлеуметтік жобаларды іске асыруды қаржыландыру мақсатында ақша тарту үшін шығарылған облигациялар), қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы жобаның орнықты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.

Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда ("жасыл" және әлеуметтік жобалардың комбинациясын қаржыландыру немесе қайта қаржыландыру мақсатында ақша тарту үшін шығарылған облигациялар), қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын орнықты даму міндеттерін іске асыруға бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ осы жобаның орнықты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі.

"Жасыл", әлеуметтік облигациялар және тұрақты даму облигациялары шығарылған жағдайда мыналар қосымша көрсетіледі:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты жария етуді эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері;

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен "жасыл" облигациялар және "жасыл" кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын "жасыл" жобалардың жіктелуіне және (немесе) экология және (немесе) "жасыл" қаржыландыру және (немесе) орнықты даму саласындағы халықаралық танылған қағидаттар мен стандарттарға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар.

Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда (сипаттамалары эмитенттің орнықты даму саласында өзі бұрын айқындаған мақсаттарға жетуіне қарай өзгертін облигациялар): тұрақты даму саласында алдын ала белгіленген мақсаттарға қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын көрсеткіштер;

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі;

эмитент өзі белгілеген сипаттамалардың орындалуы туралы ақпаратты жария етуді жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады.

Орналастырудан түскен ақшасы жобаны қаржыландыруға жіберілетін инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаты келтіріледі.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

18. Эмитент бұрын орналастырған, айналыс мерзімі өткен облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде) осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

8-тарау. Эмитенттің орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан көп пайызын иеленген құрылтайшылары туралы немесе ірі акционерлері (қатысушылары) туралы мәліметтер

19. Эмитенттің орналастырылған акцияларының(акционерлік қоғам сатып алғандарын қоспағанда) он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) иеленетін құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер:

1) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (жеке тұлға үшін):

Эмитенттің жалғыз акционері ұйымдастырылған сәттен бастап «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып табылады.

2) құрылтайшының немесе ірі акционердің (қатысушының) толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін):

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы, орналасқан жері - Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10

3) эмитенттің құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы:

эмитенттің құрылтайшыға немесе ірі акционерге (қатысушыға) тиесілі дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы 100%

4) құрылтайшы немесе ірі акционер (қатысушы) эмитенттің дауыс беретін акцияларының он және одан да көп пайызын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін иелене бастаған күн:

2008 жылғы 3 қараша.

9-тарау. Эмитенттің басқару органы және атқарушы органы туралы мәліметтер

20. Эмитенттің басқару органы туралы мәліметтер:

1) Директорлар кеңесі немесе Байқаушы кеңес төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (Директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорды (директорларды) көрсете отырып).

2) Директорлар кеңесінің немесе Байқаушы кеңестің мүшелері сайланған күн және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер, хронологиялық тәртіппен.

Директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және Директорлар кеңесі мүшелерін сайлаған күн	Директорлар кеңесі мүшелерінің соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта еңбек қызметі туралы мәліметтер, хронологиялық тәртіппен
Директорлар кеңесінің төрағасы:	
<p>Казутин Николай Юрьевич 18.02.2022</p>	<p>2022 – «Самұрық-Қазына» АҚ Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры</p> <p>2020: Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары</p> <p>2018-2019: «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы, Өскемен қаласы</p>
Директорлар кеңесінің мүшелері:	
<p>Репин Алексей Юрьевич 18.02.2022</p>	<p>2012 – 2022: «Самұрық-Қазына» АҚ «Электр энергетикасы» дирекциясы. Директор.</p>
<p>Жәркешов Ернар Серікбайұлы 27.05.2022</p>	<p>сәуір 2022 - осы уақытқа дейін - AQ Group-халықаралық энергетикалық және IT холдинг, Қазақстан / АҚШ. Серіктес және Директор қараша 2021 - сәуір 2022 - Lemberg Energy Holdings - мұнай-газ өңдеу және химия (метанол, сутегі, аммиак, gas-to-power) инжинирингі жөніндегі халықаралық энергетикалық холдинг, Бас директор (CEO) Киев қ., Украина</p> <p>қаңтар 2019 - тамыз 2021 - Whiteshield Partners, Стратегия және мемлекеттік басқару саласындағы жаһандық консалтингтік компания, Еуразия елдері бойынша директор, Дубай, БАӘ/Нұр-Сұлтан, Қазақстан.</p>

Тәуелсіз директорлар:	
Садықов Рүстем Ғалымұлы 27.05.2022	2021-2022 - Қазақстандағы Grant Thornton серіктесі 2020-2021 - Tax Bridge 1999-2020 - Қазақстандағы KPMG Салық және заң тәжірибесінің жетекшісі
Қашқынбеков Арман Қайырберліұлы 27.05.2022	2021 – осы уақытқа дейін - Халықаралық қар барысы қоры, директор 2020-2021 - БҰҰ Даму Бағдарламасы, орнықты даму жөніндегі басшы 2019-2020 - Ғылым қоры, Басқарма төрағасының орынбасары
Огай Валерий Дмитриевич 27.05.2022	2008-2018 – «Самұрық-Қазына» АҚ, Дирекция директорының орынбасары, бас сарапшы.

3) Эмитенттің Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беретін акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің Байқаушы кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы:

Эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшелеріне эмитенттің акциялары тиесілі емес.

4) Эмитенттің еншілес және тәуелді ұйымдарындағы Директорлар кеңесі немесе Байқаушы кеңес мүшелерінің әрқайсысына тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) көрсетілген ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшелеріне эмитенттің дауыс беретін акциялары тиесілі емес.

21. Алқалы орган немесе эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлға:

1) атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) не алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда).

Эмитенттің атқарушы органы Басқарма болып табылады.

2) атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның немесе алқалы атқарушы орган мүшелерінің өкілеттіктері көрсетіле отырып, сайланған күні және олардың соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы еңбек қызметі туралы мәліметтер хронологиялық тәртіппен қамтылуға тиіс.

Алқалы атқарушы орган басшысының және мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және алқалы атқарушы орган мүшелерін сайлаған күн	Алқалы атқарушы орган мүшелерінің хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақытта атқарған еңбек қызметі туралы мәліметтер және олардың өкілеттіктері
Басқарма Төрағасы:	
Басқарма төрағасының міндетін атқарушы Түйтебаев Серік Сүйінбекұлы	2016 жылғы наурыздан бастап – «Самұрық-Энерго» АҚ Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры

23.06.2022	
Басқарма мүшелері:	
Рысқұлов Айдар Қайратұлы 4.05.2021	<p>– 2019 жылдың қазан айынан бастап – «Самұрық-Энерго» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры;</p> <p>– 2019 жылғы тамыздан бастап 2019 жылғы қазанды қоса алғандағы мензімде «Самұрық-Энерго» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директорының міндетін атқарды;</p> <p>– 2012-2019 жылдары «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Қаржы активтерін басқару жөніндегі директоры, Корпоративтік қаржы департаментінің директоры қызметтерін атқарды.</p>
Ивченко Елена Дмитриевна 27.05.2022	<p>06.2022 – қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Энерго» АҚ Дамыту, сату және өзгерістер жөніндегі басқарушы директоры.</p> <p>04.2021 ж.- 05.2022 ж. – «Самұрық-Энерго» АҚ Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директоры;</p> <p>10.2019 - 04.2021 ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті, Төрағаның орынбасары;</p> <p>05.2019 - 10.2019 жж. - ҚР Ұлттық экономика министрінің кеңесшісі</p>
Әділкерімов Арман Әділкерімпұлы 27.05.2022	<p>– 05.2022 – осы уақытқа дейін – «Самұрық-Энерго» АҚ Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры;</p> <p>– 04.2021 - 05.2022 – «Самұрық-Энерго» АҚ Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор;</p> <p>– 01.2018-08.2018 – «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ, Коммерциялық мәселелер жөніндегі басқарушы директор;</p>

3) Эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысына тиесілі дауыс беретін акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің эмитенттің дауыс беретін акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Эмитенттің Басқарма мүшелеріне эмитенттің дауыс беретін акциялары тиесілі емес.

22. Егер эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жағдайда, мыналар көрсетіледі:

- 1) басқарушы ұйымның толық және қысқартылған атауы, оның орналасқан жері;
- 2) басқарушы ұйымның атқарушы органының функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) не алқалы атқарушы орган мүшелерінің және басқарушы ұйымның Директорлар кеңесі (Байқаушы кеңесі) мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
- 3) осы тармақтың 2) тармақшасында санамаланған адамдар сайланған күн және олардың соңғы 2 (екі) жылдағы еңбек қызметі туралы мәліметтер, хронологиялық тәртіппен;
- 4) осы тармақтың 2) тармақшасында санамаланған тұлғаларға тиесілі басқарушы ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) басқарушы ұйымның дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы;

5) осы тармақтың 2) тармақшасында санамаланған тұлғаларға тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестерінің эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Осы тармақтың талаптары акционерлік қоғамдарға қолданылмайды.

Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жоқ.

10-тарау. Эмитент қызметінің негізгі түрлерін көрсете отырып, эмитенттің қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері

23. Эмитент қызметінің түрлері:

1) қызметтің негізгі түрі:

Қазақстан Республикасындағы энергетикалық активтерді басқару, сондай-ақ қазіргі бар қуаттарды жаңғыртуға және жаңаларын салуға жәрдемдесу, Қазақстан Республикасының энергетикасына жаңа технологияларды енгізу.

2) маусымдық сипаттағы қызмет түрлерін және эмитенттің жалпы табысындағы олардың үлестерін көрсете отырып, эмитенттің қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасын қамтиды:

Қазақстан Республикасындағы энергетикалық активтерді басқару, сондай-ақ қазіргі бар қуаттарды жаңғыртуға және жаңаларын салуға жәрдемдесу, Қазақстан Республикасының энергетикасына жаңа технологияларды енгізу.

Қызмет маусымдық емес.

3) Эмитенттің бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

ERG, ОАЭК, «Қазмырыш» ЖШС, «Қазақмыс Энерджи» ЖШС, «ҚКЖ» ЖШС, «Жамбыл ГРЭС» АҚ

4) Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, қызметтердің) табыстылығына оң және теріс әсер ететін факторлар:

Оң әсер ететін факторлар:

1. Бизнесі декарбонизациялау шеңберінде әлемнің мұнай компанияларын біртіндеп «жасыл» жобаларға қайта бағдарлау – Компанияның ЖЭК-жобаларына тарту мүмкіндігі.

2. Экономика секторларын электрлендіру тренді (автокөлік, т / ж көлігі және т.б.).

3. Өсіп келе жатқан сұраныс, бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету есебінен нарық үлесін кеңейту және болашақта нарық моделінің өзгеруі.

4. Экспорттық әлеуетті дамыту.

5. Нарық қажеттілігіне сәйкес қуаттар теңгерімін оңтайландыру (ЖЭС, ЖЭО, ГЭС, ЖЭК)

6. Стратегиялық серіктеспен бірлесіп ЖЭК-генерациясын дамыту, оның ішінде парниктік газдарды қысқарту, көміртекті ұстау және сақтау (CCS) саласындағы технологиялар.

7. «Таза» көмір бағытында технологияларды дамыту, оның ішінде байыту есебінен.

Теріс әсер ететін факторлар:

1. Экономиканы «көгалдандыруға» ықпал етпейтін жобаларды қаржыландыруды азайту бойынша жаһандық тренд.

2. Байланысты генерацияны сақтау және кеңейту.

3. ҚР экологиялық заңнамасын қатаңдату, оның ішінде кешенді экологиялық рұқсаттарға (КЭР) көшуден бас тартқан жағдайда эмиссия үшін төлемдердің 2, 4, 8 есе ұлғаю тәуекелі.

4. ЕАЭО-ның ортақ электр энергетикалық нарығын дамыту есебінен Қазақстан Республикасының нарығына қолжетімділікті арттыру.

5. Ұлттық валютаның әлсіреуі салдарынан ірі инвестициялық жобалардың қымбаттауы.

6. Әлемдік нарықтардағы шикізат тауарларының құбылмалылығы.

7. Көрші елдердегі геосаяси жағдайдың тұрақсыздығы.

5) эмитентте бар лицензиялар (патенттер) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік жасайтын зерттеу әзірлемелеріне арналған шығындар туралы ақпарат:

2022 жылғы 31 тамызда жағдай бойынша эмитент өз қызметін жүзеге асыру үшін алған лицензиялар, патенттер, рұқсаттар жоқ.

б) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі) импорттың үлесі және өткізілетін өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі эмитент экспортқа өткізетін (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) үлесі:

Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) тауарлардағы/жұмыстардағы/қызметтердегі импорт үлесі 31.08.2022 ж. жағдай бойынша 8% - ды құрайды.

Эмитенттің қызметі энергетикалық активтерді басқару болып табылады, осыған байланысты экспортқа өткізілетін өнім жоқ.

7) Эмитенттің қатысуымен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызы мәлішерінде ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер:

2022 жылғы 31 тамызда жағдай бойынша эмитент эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне қатыспайды.

8) Эмитенттің қызметіне әсер ететін басқа да тәуекел факторлары.

Осы проспектінің 15-тармағында ашылған.

24. Тауар айналымының көлемі (атқарылатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын эмитент тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.

2022 жылғы 31 тамызда жағдай бойынша тауарлар мен қызметтерді жеткізушілер туралы мәліметтер.

Жеткізушінің атауы	Жұмыстар мен қызметтердің сипаттамасы	Жеткізілетін ТЖҚ-ның жалпы көлеміндегі үлесі
«Astana Development Group» ЖШС	Қызметтік орын-жайларды жалға алу қызметі	23%
«Energy Solutions Center» ЖШС	Мамандандырылған кеңселік қызмет көрсету қызметтері және көлік қызметтері	43%

Тұтынушылар туралы мәліметтер.

Эмитентте тауар айналымының көлемі 2022 жылғы 31 тамызда жағдай бойынша эмитент тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) тұтынушылар жоқ.

25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын эмитент активтері.

Атауы	30.06.2022 ж. жағдай бойынша баланстық құны), мың теңге (аудит жүргізілмеген)	Эмитент активтерінің жалпы көлеміндегі үлесі, %
Машиналар мен жабдық	352 834 605	37,8%
Ғимараттар мен құрылыстар	176 856 533	18,9%
Аяқталмаған құрылыстар	137 483 156	14,7%

Барлығы	667 174 294	71,5%
---------	-------------	-------

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызы мөлшеріндегі дебиторлық берешек:

1) Эмитент алдындағы берешегі эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын эмитент дебиторларының атауы:

Эмитент алдындағы берешегі 10% және одан көп пайызды құрайтын дебиторлары жоқ.

2) өтеуге тиісті сомалар (таяудағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсете отырып, жылдар бойынша бөле отырып көрсетіледі) және оны өтеу мерзімдері көрсетіледі.

Эмитент алдындағы берешегі 10% және одан көп пайызды құрайтын дебиторлары жоқ.

27. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі:

1) Эмитент кредиторларының атауы;

Эмитенттің берешегі 10% және одан да көп пайызды құрайтын кредиторлары жоқ.

2) өтеуге тиісті сомалар (таяудағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсете отырып, жылдар бойынша бөле отырып көрсетіледі) және оны өтеу мерзімдері көрсетіледі.

Эмитенттің берешегі 10% және одан да көп пайызды құрайтын кредиторлары жоқ.

28. Эмитенттің левередж шамасы

мың теңге	31.12.2020 (аудит жүргізілген)	31.12.2021 (аудит жүргізілген)	30.06.2022 (аудит жүргізілмеген)
Левередж	0,81	0,87	0,78

29. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігінің негізінде есептелген, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша эмитенттің қызметінен алынған таза ақша ағындары.

мың теңге	31.12.2020 (аудит жүргізілген)	31.12.2021 (аудит жүргізілген)
Операциялық қызметтен алынған (пайдаланылған)/таза ақша қаражаты	58 393 841	79 086 027
Инвестициялық қызметтен алынған (пайдаланылған)/таза ақша қаражаты	(43 296 625)	(97 020 989)
Қаржылық қызметтен алынған (пайдаланылған)/таза ақша қаражаты	(17 805 872)	20 262 505
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының құнсыздануына байланысты резервтегі өзгеріс	1 602	519
Шетел валютасындағы ақша қаражатының сальдосына айырбас бағамы өзгерістерінің әсері	593 895	(83 769)

Ақша қаражатының таза ұлғаюы / (азаюы)	(2 113 159)	2 244 293
Жыл басындағы ақшалай қаражат	12 007 037	9 893 878
Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаты	9 893 878	12 138 171

30. Облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары (облигациялардың өтелген және күші жойылған шығарылымдарын қоспағанда) туралы мәліметтер:

1) әрбір шығарылымның борыштық бағалы қағаздарының жалпы саны, түрі және номиналдық құны, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы, сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздар саны:

Эмитент облигацияларының 1-ші шығарылымы

бағалы қағаздардың жалпы саны: 20 000 000 (жиырма миллион) облигация;

бағалы қағаздардың түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;

бағалы қағаздардың номиналдық құны: 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге;

мемлекеттік тіркеу нөмірі: ISIN KZ2C00003986;

бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 03.08.2017 ж.;

орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 20 000 000 (жиырма миллион) облигация;

борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге;

2022 жылғы 31 тамызда жағдай бойынша есептелген сыйақы сомасы: 0 (нөл) теңге;

2022 жылғы 31 тамызда жағдай бойынша орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 5 603 284 349 (бес миллиард алты жүз үш миллион екі жүз сексен төрт мың үш жүз қырық тоғыз) теңге;

сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: 2019 жылғы 10 сәуір - 16 872 498 облигациялар, 2022 жылғы 5 қыркүйек – 3 127 502 облигациялар

Эмитент облигацияларының 2-ші шығарылымы

бағалы қағаздардың жалпы саны: 28 000 000 (жиырма сегіз миллион) облигация;

бағалы қағаздардың түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;

бағалы қағаздардың номиналдық құны: 28 000 000 000 (жиырма сегіз миллиард) теңге;

мемлекеттік тіркеу нөмірі: ISIN KZ2C00003994;

бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 03.08.2017 ж.;

орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 28 000 000 (жиырма сегіз миллион) облигация;

борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 28 000 000 000 (жиырма сегіз миллиард) теңге;

2022 жылғы 31 тамызда жағдай бойынша есептелген сыйақы сомасы: 0 (нөл) теңге;

2022 жылғы 31 тамызда жағдай бойынша орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 4 851 000 000 (төрт миллиард сегіз жүз елу бір миллион) теңге;

сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: 2019 жылғы 18 ақпан – 28 000 000 облигациялар

Эмитент облигацияларының 3-шығарылымы

бағалы қағаздардың жалпы саны: 30 000 000 (отыз миллион) облигация;

бағалы қағаздардың түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
бағалы қағаздардың номиналдық құны: 30 000 000 000 (отыз миллиард) теңге;
мемлекеттік тіркеу нөмірі: ISIN KZ2C00004521;
бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 06.11.2018 ж.;
орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 21 736 200 (жиырма бір миллион жеті жүз отыз алты мың екі жүз) облигация;
борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 21 736 200 000 (жиырма бір миллиард жеті жүз отыз алты миллион екі жүз мың) теңге;
2022 жылғы 31 тамызда жағдай бойынша есептелген сыйақы сомасы: 601 851 227 (алты жүз бір миллион сексен елу бір мың екі жүз жиырма жеті) теңге
2022 жылғы 31 тамызда жағдай бойынша орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 6 086 136 000 (алты миллиард сексен алты миллион бір жүз отыз алты мың) теңге
сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

Эмитенттің жасыл облигациялары

бағалы қағаздардың жалпы саны: 190 (жүз тоқсан) облигация;
бағалы қағаздардың түрі: қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар;
бағалы қағаздардың номиналдық құны: 19 000 000 000 (он тоғыз миллиард) теңге;
мемлекеттік тіркеу нөмірі: ISIN KZX000000914;
бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні: 12.11.2021;
орналастырылған бағалы қағаздардың саны: 184 (бір жүз сексен төрт) облигация;
борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 18 400 000 000 (он сегіз миллиард төрт жүз миллион) теңге;
2022 жылғы 31 тамызда жағдай бойынша есептелген сыйақы сомасы: 553 533 333 (бес жүз елу үш миллион бес жүз отыз үш мың үш жүз отыз үш) теңге.
2022 жылғы 31 тамызда жағдай бойынша орналастырылған күннен бастап төленген сыйақы сомасы: 1 048 800 000 (бір миллиард қырық сегіз миллион сегіз жүз мың) теңге
сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны және сатып алу күні: сатып алу жүргізілген жоқ.

2) эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (облигациялар бойынша сыйақы төлеу (төлеуді кешіктіру)) фактілері туралы мәліметтер, орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындау мерзімін кешіктіру туралы ақпаратты қоса алғанда, бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша бөлек):

Эмитенттің өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

3) егер мемлекеттік емес бағалы қағаздарды орналастыру не олардың айналысы бағалы қағаздардың қандай да бір шығарылымын тоқтата тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негізі мен күні көрсетіледі:

Эмитентте тоқтатыла тұрған немесе өткізілмеді деп танылған не күші жойылған бағалы қағаздар шығарылымдары жоқ.

4) Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналысқа түсетін нарықтар:

Эмитенттің бірінші және үшінші шығарылымдарының облигациялары ұйымдастырылған нарықта айналыста болады және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізімінде болады. Эмитенттің жасыл облигациялары ұйымдастырылған нарықта айналыста болады және Astana International Exchange ресми тізімінде тұр.

5) бұрын шығарылған, оларды ұстаушыларға айналыстағы облигациялардың әрбір түрі ұсынатын құқықтар, оның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде өткізілген және

ұстаушылармен жасалған Бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетілген құқықтар жатады:

Эмитент облигацияларының бірінші шығарылымы бойынша:

- эмитенттен облигацияның номиналды құнын және Облигацияларды шығару проспектісінде көзделген мерзімде сыйақыны алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- шығару шарттарында белгіленген жағдайларда сатып алуға облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін мәлімдеу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

Эмитент облигацияларының екінші шығарылымы бойынша:

- эмитенттен облигацияның номиналды құнын және Облигацияларды шығару проспектісінде көзделген мерзімде сыйақыны алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- шығару шарттарында белгіленген жағдайларда сатып алуға облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін мәлімдеу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

Эмитент облигацияларының үшінші шығарылымы бойынша:

- Облигацияларды шығару проспектісінде көзделген тәртіппен және мерзімде облигацияның номиналды құнын алуға;
- Облигациялар шығару проспектісінде көзделген тәртіппен және мерзімде тіркелген сыйақы алуға;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ эмитенттің ішкі қағидаларында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіппен эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- шығару шарттарында белгіленген жағдайларда сатып алуға облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін мәлімдеу құқығы;
- облигацияларды еркін иеліктен шығару және басқа жолмен иелік ету құқығы;
- эмитент Облигациялар шығарылымы проспектісінің 11-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзған жағдайда, облигациялар бойынша дефолт жариялау құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

Эмитенттің Жасыл облигацияларын шығару бойынша:

- Облигациялар проспектісінде көзделген тәртіппен және шарттарда облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды алу құқығы;
- Облигациялар проспектісінде көзделген мерзімде және мөлшерде олардың номиналды құнынан облигациялар бойынша тіркелген пайызды алу құқығы;

- AIFC және AIX қағидалары мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және тәртіпте эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- AIFC және AIX қағидаларында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Облигациялар проспектісінде белгіленген жағдайларда эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;
- облигацияларды еркін сату және басқа жолмен иелік ету құқығы;
- AIFC және AIX қағидаларында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларды иеленуден туындайтын өзге де құқықтар.

11-тарау. Эмитент және оның орналастыратын эмиссиялық бағалы қағаздары туралы қосымша мәліметтер

31. Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:

- 1) эмитенттен облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген облигацияның номиналды құнының мерзімін алу не өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ ол бойынша облигациялардың номиналды құнының белгіленген пайызын не облигациялар шығарылымы проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы;
- 2) эмитенттің облигацияларды, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде жүзеге асыру шарттары, тәртібі және мерзімі көрсетілген сатып алу талабының құқықтары;
- 3) өзге құқықтар.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

32. Басталған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:

- 1) басталған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі;
- 2) облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімін, оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар;
- 3) эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактісі туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері;
- 4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса) мемлекеттік тіркеу күні.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

33. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін эмитенттің қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

34. Эмитент орналастыратын облигацияларды сатып алумен байланысты тәуекелдер:

- 1) салалық тәуекелдер - эмитент саласындағы жағдайдың ықтимал нашарлауының оның қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша саладағы неғұрлым маңызды ықтимал өзгерістер келтіріледі (ішкі және сыртқы нарықтарда бөлек):

Эмитенттің өз қызметінде (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке) пайдаланатын шикізатқа, көрсетілетін қызметтерге бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері жеке сипатталады:

Эмитенттің өніміне және (немесе) қызметтеріне (ішкі және сыртқы нарықтарда бөлек) бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың Эмитенттің қызметіне және олардың бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерді орындауына әсері жеке сипатталады:

Тариф белгілеу тәуекелі - эмитент тариф белгілеу тәуекеліне ұшырайды: Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу комитетінің тарифтерді көтеруден бас тартуы (тарифтердің өсуін тежеу); Табиғи монополияларды реттеу комитетінің өтемдік тарифті және сараланған тарифті енгізуі; тарифтерді заңнамалық деңгейде төмендету; заңнамадағы өзгерістер; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің инфляциялық таргеттеудің монетарлық шараларын іске асыру (инфляцияны тежеу) мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің электр және жылу энергиясына тарифтерді мәжбүрлеп төмендетуі немесе тежеуі; еншілес және тәуелді қоғамдардың тарифтерін енгізуді неғұрлым кеш мерзімге ауыстыру.

Электр энергиясын сатумен байланысты тәуекел - электр энергиясы нарығының ерекшелігі - электр энергиясын өндіру толығымен оны тұтынуға байланысты. Тәуекел факторлары қаржы-экономикалық дағдарысқа байланысты сұраныстың төмендеуі, электр энергиясын босату тарифінің жоғары деңгейіне байланысты бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуі; электр энергиясы нарығындағы профицит, ҚР нарығындағы баға бәсекелестігі.

Экологиялық тәуекел - экологиялық реттеу саласындағы заңнама талаптарының бұзылуы, парниктік газдар шығарындыларына квоталардың асып кетуі осы тәуекелдің негізгі маңызды факторлары болып табылады. Парниктік газдар шығарындыларына, дүлей зілзалаларға қосымша квоталар көлемін шектеу, сондай-ақ экологиялық реттеу саласындағы заңнама талаптарының өзгеруі сыртқы факторлар ретінде экологиялық тәуекелді іске асыруға да әсер етуі мүмкін. Эмитент техникалық регламенттерді сақтау, міндетті экологиялық сақтандыру жөнінде шаралар қабылдайды, сондай-ақ тарату қорларын қамтамасыз етеді.

Қызметкерлердің өз қызметтік міндеттерін орындау процесінде олардың денсаулығы мен өміріне зиян келтіруге әкеп соғатын өндірістегі жазатайым оқиғалардың тәуекелі - эмитенттің басты құндылығы оның қызметкерлері болып табылады. Эмитент өндірістегі жазатайым оқиғаларға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын ұстанады. Қауіпсіздік мәдениетін арттыру, жоғары басшылық пен қызметкерлердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелеріне тартылуын ұлғайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Ағымдағы/перспективалық инвестициялық жобалар мен инвестициялық бағдарламалар тәуекелі - эмитент бірқатар инвестициялық жобаларды іске асырады. Инвестициялық жобаларды іске асыруға мынадай факторлар елеулі әсер етуі мүмкін: ұлттық валютаның құбылмалылығы жобалардың қымбаттауына елеулі әсер етеді; өнім берушілер мен мердігерлердің шарт талаптарын бұзуы, жоғары тұрған ұйымдардың тапсырмасы бойынша ағымдағы жобаларды консервациялау (экономикалық мақсаттылықтың болмауына байланысты).

2) қаржылық тәуекелдер - эмитенттің қаржылық жай-күйінің пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталарын айырбастау базамының, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарына нарықтық бағалардың қолайсыз өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырағыштығы сипатталады;

Эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан эмитентке келетін залалдардың туындауына байланысты, эмитенттің қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігі салдарынан (оның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагентінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің өз қаржылық міндеттемелерін дереу және бір мезгілде орындауы күтілмеген қажеттілігінің туындауы салдарынан болатын тәуекелдер жеке сипатталады.

Эмитенттің қаржылық есептілік көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің әсері нәтижесінде өзгерістерге неғұрлым көбірек ұшырағаны, олардың туындау ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты көрсетіледі:

Эмитенттің қызметі оны бірқатар қаржылық тәуекелдерге ұшыратады: нарықтық тәуекел (валюталық тәуекелді, пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне әсер ету тәуекелін қоса алғанда), кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі. Эмитент деңгейіндегі тәуекелдерді басқару бағдарламасы қаржы нарықтарының болжанбауына бағытталған және эмитенттің қаржылық нәтижелеріне ықтимал теріс әсерді барынша азайтуға бағытталған. Эмитент тәуекелдерге ұшырағыштықты хеджирлеу үшін туынды қаржы құралдарын пайдаланбайды.

Кредиттік тәуекел

Эмитент кредиттік тәуекелге, атап айтқанда, қаржы құралы бойынша бір Тарап екінші Тарапқа қаржылық залал келтіру тәуекеліне ұшырайды, өйткені ол өз міндеттемесін орындай алмайды. Кредиттік тәуекел негізінен пайдалану бойынша шектелген ақша қаражатынан, қаржылық дебиторлық берешектен, өзге де қысқа мерзімді қаржы активтерінен және ақша қаражаты мен олардың баламаларынан туындайды. Пайдалану бойынша шектелген ақша қаражатының баланстық құны, қаржылық дебиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері мен ақша қаражаты және олардың баламалары кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары сомасын білдіреді. Эмитенттің кейбір еншілес компаниялары нарықта үстем жағдайға ие және / немесе тиісті өңірлерде электр энергиясы мен жылу энергиясы бойынша табиғи монополистер болып табылады. Тиісінше, мұндай компаниялар тұтынушылардың шектеулі тобына ие және тұтынушылардың несиелік қабілетін ескерместен өнімді сатуға мәжбүр. Эмитенттің тұтынушылардың кредиттік қабілеттілігін бағалау жүйесі, ішкі рейтингтер беру және контрагенттерге кредиттік лимиттер белгілеу саясаты жоқ.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - бұл эмитенттің қаржылық міндеттемелерін орындауда қиындықтарға тап болу қаупі. Эмитенттің даму жоспарларын қалыптастыру және мониторингтеудің қолданыстағы қағидаларына сәйкес, ақша ағындарының қозғалысын жоспарлау және мониторингтеу қысқа мерзімді ай сайынғы негізде де, сондай-ақ 5 жылға арналған қызметті орта мерзімді жоспарлауды қалыптастыру шеңберінде де жүргізіледі. Бұдан басқа, эмитент эмитенттің және оның еншілес ұйымдарының 10 жылға арналған Даму стратегиясын әзірлейді және бекітеді. Ақша ағындарын жоспарлау кезінде уақытша бос ақша қаражатын депозиттерге орналастырудан кіріс алу да ескеріледі.

Валюталық тәуекел

Эмитент шетел валютасында (АҚШ долларында және еуро) көрсетілген негізгі қызмет бойынша қарыздар мен кредиторлық берешектің болмауына байланысты валюталық тәуекелді төмен деп бағалайды. Бұл ретте эмитенттің еншілес кәсіпорындарының кейбір қарыздары мен кредиторлық берешегі шетел валютасымен (АҚШ долларымен және еуромен) көрсетілген. Қазақстандық ранкадағы туынды қаржы құралдарын шектеулі таңдау себебінен және мұндай құралдар қымбат болып табылатындықтан, басшылық эмитенттің еншілес кәсіпорындарының валюталық тәуекелін хеджирлеу туралы шешім қабылдады, өйткені мұндай құралдардан түсетін пайда тиісті шығыстарды жаппайды. Осыған қарамастан, эмитент болашақта немесе қажет болған жағдайда хеджирлеу құрылымын енгізу үшін қаржы туындылары нарығындағы өзгерістерді қадағалауды жалғастырады.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру қаупі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыздардан туындайды. Ауыспалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздарға қатысты эмитент инфляцияның өсуінің әлеуетті нарықтық тәуекеліне ұшырайды. Инфляцияның өсуі өзгермелі пайыздық мөлшерлемені жоғарылатады және эмитенттің ақша қозғалысына теріс әсер етуі мүмкін. Эмитент инфляция деңгейінің өзгеруіне мұқият мониторинг жүргізеді. Компанияда пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне байланысты тәуекелдерді талдау және жеңілдету туралы ресми келісімдер жоқ.

3) құқықтық тәуекел - эмитенттің шығындарының пайда болу тәуекелі сипатталады:

Қазақстан Республикасының валюталық, салық, кеден заңнамасындағы өзгерістер;

Эмитент Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамаған жағдайда:

қызметті жүзеге асыру кезінде жіберілген құқықтық қателер (заң консультацияларын дұрыс алмау немесе құжаттарды дұрыс жасамау, оның ішінде сот органдарында даулы мәселелерді қарау кезінде);

Құқықтық тәуекелдер эмитенттің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамауы салдарынан және Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен басқа мемлекеттердің заңнамаларын, сондай-ақ ішкі ережелер мен рәсімдерді сақтамауы салдарынан шығындардың туындау тәуекелдерін білдіреді.

Эмитенттің құқықтық тәуекелдерін азайту және бақылау әдістері құқықтық қамтамасыз етуге жауапты эмитенттің уәкілетті құрылымдық бөлімшесінің заңнама өзгерістеріне мониторинг жүргізуі болып табылады, ол мүдделі құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп өзгерістердің эмитенттің қызметіне әсерін бағалайды және оларды қабылдау үшін қажетті шараларды әзірлейді. Эмитенттің ішкі рәсімдерін реттейтін немесе соған сәйкес эмитенттің міндеттемелері туындайтын кез келген құжат эмитенттің қызметін құқықтық қамтамасыз етуге жауапты құрылымдық бөлімшеде міндетті сараптамадан өтуге тиіс.

4) іскерлік беделін жоғалту тәуекелі (бедел тәуекелі) – эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнімдерінің (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) сапасы немесе тұтастай алғанда, оның қызметінің сипаты туралы теріс түсініктің қалыптасуы салдарынан клиенттер (контрагенттер) санының азаюы нәтижесінде эмитент залалдарының туындау тәуекелі сипатталады.

Эмитенттің бедел тәуекелі эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның қызметтерінің сапасы немесе тұтастай алғанда, оның қызметінің сипаты туралы теріс түсініктің қалыптасуы нәтижесінде, сондай-ақ мақсатты аудиторияның эмитент қызметіне деген сенімінің төмендеуі нәтижесінде эмитенттің шығын шегу тәуекелін білдіреді.

Эмитенттің бедел тәуекелін басқару корпоративтік басқарудың, тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың құрылған жүйелерімен қамтамасыз етіледі. Осы жүйелер шеңберінде эмитенттің өз ішіндегі және басқа да мүдделі тараптармен қарым-қатынастарында тиімділікті, транспаренттілікті, есеп беруді, іскерлік этиканың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге, қоғамның эмитент қызметіне сенімін арттыруға, сапалы ақпараттық-түсіндіру жұмысына, БАҚ-пен және жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасауға бағытталған әртүрлі ішкі құжаттар бекітілді.

5) стратегиялық тәуекел - эмитенттің қызметі мен даму стратегиясын (стратегиялық басқару) айқындайтын шешімдер қабылдау кезінде жіберілген және эмитенттің қызметіне қатер төндіруі мүмкін ықтимал қауіптерді есепке алмаудан немесе жеткілікті түрде есепке алмаудан, эмитент бәсекелестер қызметінің алдында артықшылыққа қол жеткізуі мүмкін перспективалық бағыттарды дұрыс айқындамаудан немесе жеткілікті негізге сүйеніп айқындаудан, қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық-техникалық, адамдардың), эмитент қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс ұйымдастырушылық шаралардың (басқарушылық шешімдер) болмауынан немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуінен көрінетін қателердің (кемшіліктердің) салдарынан эмитентте залалдың пайда болу тәуекелі сипатталады.

Стратегиялық тәуекелге эмитенттің қызметі мен даму стратегиясын айқындау және іске асыру, саяси ортаның өзгеруі, өңірлік конъюнктура, салалық құлдырау және жүйелі сипаттағы басқа да сыртқы факторлар кезіндегі өзгерістер немесе қателер (кемшіліктер) салдарынан шығындардың туындау тәуекелі жатады.

Эмитенттің стратегиялық тәуекелін басқару бекітілген қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлар мен стратегиялардың орындалуына мониторинг жүргізу арқылы жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша түзету шаралары, оның ішінде ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді көрсету үшін қолданылады.

Эмитенттің қызметі мен даму стратегиясын (стратегиялық басқару) айқындайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателер (кемшіліктер) салдарынан шығындардың туындау тәуекелі ағымдағы жағдайды және даму перспективаларын, тәуекелдер деңгейлерін, контрагенттер мен бәсекелестердің іс-қимылдарын, жоспарланған өзгерістерді кадрлық, қаржылық және техникалық қамтамасыз ету мүмкіндіктерін алдын ала талдау негізінде басқарушылық шешімдерді мұқият пысықтау арқылы барынша азайтылады.

Эмитент осы тәуекелді болмашы деп бағалайды, өйткені эмитенттің стратегиялық шешімдерін тиімді бағалауды және іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында эмитенттің ағымдағы жай-күйі, қызметінің басым бағыттары туралы ақпаратты қамтитын қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарлау бағдарламасы қолданылады, сондай-ақ эмитент осы жоспардың іске асырылуын одан әрі бақылай отырып, стратегиялық жоспарларды әзірлейді. Эмитенттің стратегиясында айқындалған қойылған міндеттер мен жоспарларды іске асыру процесінде эмитенттің стратегиялық жоспарларына және/немесе қызметіне қандай да бір сегменттегі есептік өлшемдердің болжамды мәндерден ауытқулары анықталған жағдайда сыртқы және/немесе ішкі нарық конъюктурасы өзгерістерінің әсерінен түзетулер енгізілуі мүмкін.

6) Эмитенттің қызметіне байланысты тәуекелдер – эмитенттің қызметіне ғана тән немесе негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер, оның ішінде эмитенттің қызметіне байланысты тәуекелдер сипатталады:

- эмитенттің үшінші тұлғалардың, оның ішінде эмитенттің еншілес ұйымдарының борыштары бойынша ықтимал жауапкершілігі:

- айналымы эмитенттің өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімнің кемінде 10 (он) пайызын құрайтын тұтынушыларды жоғалту тәуекелі:

Эмитент еншілес ұйымдарға берілген заемдар бойынша кепілгер ретінде әрекет етеді. Осылайша, эмитент еншілес ұйымдардың сыртқы кредиторларға міндеттемелерін төлеуіне тұрақты негізде мониторинг жүргізеді, оның ішінде ковенанттардың әзірленген ішкі саясатқа сәйкес сақталуына мониторинг жүргізеді, сондай-ақ борыш пен қаржылық тұрақтылық бойынша есепті қалыптастырады.

Эмитент басқарушы компания болғандықтан, тұтынушылардан айрылу тәуекелі эмитентке қолданылмайды.

7) елдік тәуекел - экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды, жеке тұлғалардың) міндеттемелерді орындамауы салдарынан, сондай-ақ ақша міндеттемесінің валютасы оның резиденттік елі заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты (өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) контрагентке қолжетімсіз болуы салдарынан Эмитентте залалдардың туындау тәуекелі сипатталады:

Елдік тәуекел экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің міндеттемелерді орындамауы салдарынан, сондай-ақ ақша міндеттемесінің валютасы оның резиденттік елі заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты контрагентке қол жетімсіз болуы салдарынан эмитентте шығындардың туындау тәуекелін білдіреді.

Эмитент Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын контрагенттердің болмашы санына байланысты елдік тәуекелді төмен деп бағалайды

Елдік тәуекелді басқару, негізінен, эмитенттің қаржылық талаптары туындайтын контрагентке елге кредиттік тәуекел лимитін белгілеу арқылы жүзеге асырылады. Лимиттерді белгілеу кезінде елдің халықаралық рейтингі, оның макроэкономикалық көрсеткіштері, сол немесе өзге елдің резиденттерімен өзара іс-қимылдың өткен тәжірибесін талдау, елдегі экономикалық және саяси ахуалдың ағымдағы жай-күйі мен ықтимал өзгерістері сияқты түрлі көрсеткіштер ескеріледі.

8) операциялық тәуекел - эмитент қызметкерлері тарапынан жіберілген ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер салдарынан ақпараттық жүйелер мен технологиялардың тиісінше жұмыс істемеуінен, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі сипатталады:

Операциялық тәуекел - бұл барабар емес немесе қате ішкі процестер, персоналдың іс-әрекеттері, жүйенің жұмыс істеуі нәтижесінде шығындарға, сондай-ақ сыртқы оқиғаларды іске асыру салдарынан туындайтын шығындарға әкелетін тәуекел.

Эмитент операциялық тиімділікті оңтайландыру, операциялық шығындарды азайту, шығыстарды ұтымды ету, сондай-ақ уақытты азайту және бақылаудан тыс оқиғаларға ден қоюдың барабарлығын арттыру мақсатында операциялық тәуекелдерді басқаруды жүзеге асырады.

Эмитенттің операциялық тәуекелдерін басқару құралдарына мыналар жатады:

- Қызметтің әрбір бағыты шеңберінде елеулі шығындарды қоса алғанда, операциялық тәуекелдер туралы деректерді тұрақты негізде қадағалау мақсатында пайдаланылатын операциялық шығындардың деректер базасы;

- Кейіннен бақылау және басқару үшін эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің (тәуекелдер иелерінің) операциялық тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау үшін пайдаланылатын операциялық тәуекелдерін тұрақты бағалау;

- Тәуекелдерді уақтылы жеңілдету бойынша бақылау шараларын қабылдау үшін эмитенттің құрылымдық бөлімшелері мен оның еншілес ұйымдары ішіндегі қызмет бағыттарын таңдау мақсатында операциялық тәуекелдерді бағалау, мониторингілеу және алдын алу үшін пайдаланылатын тәуекелдің түйінді индикаторлары;

- Тәуекел картасы анықталған тәуекелдердің графикалық сипаттамасы болып табылады.

Операциялық тәуекелдерді басқару құралдары эмитентке операциялық тәуекелге неғұрлым бейім қызмет түрлерін анықтауға, эмитенттің операциялық тәуекелдерден туындаған шығындарын

бағалауға және бақылауға, сондай-ақ тиісті бақылауды орнатуға және осындай тәуекелді азайту үшін алдын алу шараларын жасауға мүмкіндік береді.

9) экологиялық тәуекелдер - эмитенттің қызметіне ықпал етуге қабілетті климаттық және экологиялық факторларға байланысты тәуекелдер сипатталады.

Қолданылмайды.

35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

1) эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар, эмитенттің осы ұйымдардағы рөлі (орны), функциялары мен қатысу мерзімі көрсетіледі:

Атауы	Орналасқан жері	Эмитенттің осы ұйымдардағы орны мен функциялары
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы	Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10	Еншілес ұйым
ТМД Электр энергетикалық кеңесі	Ресей Федерациясы, Мәскеу қаласы, Ленин даңғ., 9-үй	Бақылаушы ретінде қатысу
Қазақстан Электр Энергетикалық Қауымдастығы	Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі 12/1, ВП44, 5 Б блогы	Ұйым мүшесі
KAZENERGY қауымдастығы	Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17	Қауымдастық мүшесі
Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес	Ұлыбритания, Лондон қаласы, Корнхилл көшесі, 62-64	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес жанындағы ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы болып табылады
Ұлттық кәсіпкерлер палатасы	Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі 8, Б блогы	Ұйым мүшесі
ECOJER қауымдастығы	Нұр-Сұлтан қаласы, Қонаев көшесі, 10	Ұйым мүшесі
Қазақстан машина жасаушылар одағы	Нұр-Сұлтан қаласы, Министрліктер үйі, Мәңгілік ел даңғылы 8, №3 кіреберіс, 801-офис	Одақ мүшесі

2) Егер эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарының, холдингтердің, концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың өзге

мүшелеріне елеулі түрде тәуелді болған жағдайда, мұндай тәуелділіктің сипаты егжей-тегжейлі баяндалады: эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарының, холдингтердің, концерндердің, қауымдастықтар, консорциумдардың өзге мүшелеріне тәуелді емес.

36. Егер эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, әрбір осындай заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

- 1) толық және қысқартылған атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері;
- 2) заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері;
- 3) эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің мөлшері, ал еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болып табылған жағдайда - осындай акционерлік қоғамның эмитентіне тиесілі дауыс беретін акцияларының үлесі жатады.

№ р/с	Толық атауы	Қысқартылған атауы	БСН	Орналасқан жері	Заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері	Эмитенттің жарғылық капиталға қатысу үлесінің мөлшері	Заңды тұлға қызметінің негізгі түрлері
1.	«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	96084000532	Павлодар облысы, Екібастұз ГРЭС-1 өнеркәсіптік аймағы, 2 кұрылыс	30.06.2022 ж. жағдай бойынша заңды тұлға туралы анықтама-мәліметтер	100%	Электр энергиясын өндіру
2.	«Ereymentau Wind Power» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«EWP» ЖШС	111140016361	Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғ., 15а, Б блогы, «Q» бизнес-орталығы	30.06.2022 ж. жағдай бойынша заңды тұлға туралы анықтама-мәліметтер	100%	Электр энергиясын өндіру
3.	«Теплоэнерго маш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Теплоэнергомаш» ЖШС	971240003543	Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 13	30.06.2022 ж. жағдай бойынша заңды тұлға туралы анықтама-мәліметтер	95%	Электр энергиясын өндіру
4.	«Бірінші жел электр станциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«БЖЭС» ЖШС	110640019956	Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғ., 15а, Б блогы, «Q» бизнес-орталығы	30.06.2022 ж. жағдай бойынша заңды тұлға туралы анықтама-мәліметтер	100%	Электр энергиясын өндіру

№ р/с	Толық атауы	Қысқартылған атауы	БСН	Орналасқан жері	Заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері	Эмитенттің жарғылық капиталға қатысу үлесінің мөлшері	Заңды тұлға қызметінің негізгі түрлері
5.	«Маңғышлақ-Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС	031040006125	Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 40	30.06.2022 ж. жағдай бойынша заңды тұлға туралы анықтама-мәліметтер	100%	Газ кен орындарын барлау және зерттемелеу
6.	«Forum Muider B. V.» жабық акционерлік қоғамы	«Forum Muider B.V.» компаниясы	000000000115	Амстердам, Нидерланды, Херикербергвег көшесі, 282	30.06.2022 жағдай бойынша акционерлер тізілімінен үзінді көшірме	50%	Холдингтік компания (көмір активтері)
7.	«Samruk Green Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Samruk Green Energy» ЖШС	120140018238	Алматы қаласы, Зенков көшесі, 59 (Кабанбай батыр көшесінің қиылысы)	30.06.2022 ж. жағдай бойынша заңды тұлға туралы анықтама-мәліметтер	100%	Электр энергиясын өндіру
8.	«Балқаш жылу электр станциясы» акционерлік қоғамы	«Балқаш ЖЭС» АҚ	080540018262	Алматы облысы, Үлкен кенті, 5-ш.а., 11-үй	30.06.2022 жағдай бойынша акционерлер тізілімінен үзінді көшірме	100%	Электр энергиясын өндіру
9.	«Богатырь Көмір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Богатырь Көмір» ЖШС	970340000843	Павлодар облысы, Екібастұз қаласы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 23	30.06.2022 ж. жағдай бойынша заңды тұлға туралы анықтама-мәліметтер	50%	көмір өндіру
10.	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» акционерлік қоғамы	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	000940000220	Павлодар облысы, 141216, Солнечный кенті, ГРЭС-2 өнеркәсіп	30.06.2022 жағдай бойынша акционерлер тізілімінен	50%	Электр және жылу энергиясын өндіру

№ р/с	Толық атауы	Қысқартылған атауы	БСН	Орналасқан жері	Заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері	Эмитенттің жарғылық капиталға қатысу үлесінің мөлшері	Заңды тұлға қызметінің негізгі түрлері
				аймағы, 1/1 құрылыс	үзінді-көшірме		
11	«Алматы электр станциялары» акционерлік қоғамы	«Алматы электр станциялары» АҚ	060640001713	Алматы, Достық даңғ., 7	30.06.2022 жағдай бойынша акционерлер тізілімінен үзінді көшірме	100%	Электр және жылу энергиясын өндіру
12	«Қазгидротехэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Казгидротехэнерго» ЖШС	080940018801	Алматы, Қонаев көшесі, 21Б	30.06.2022 ж. жағдай бойынша заңды тұлға туралы анықтама-мәліметтер	100%	Энергия көздерінің жаңартылған саласындағы жобаларды жүзеге асыру
13	«Энергия Семиречья» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Энергия Семиречья» ЖШС	091140000933	Алматы, Әл-Фараби даңғ., 75/7	30.06.2022 ж. жағдай бойынша заңды тұлға туралы анықтама-мәліметтер	25%	Энергия көздерінің жаңартылған саласындағы жобаларды жүзеге асыру
14	«Тегіс Мұнай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Тегіс Мұнай» ЖШС	060640000399	Алматы, Медеу ауданы, Нұрлыбаев көшесі/Сызғанов көшесі, 31/102-үй.	30.06.2022 ж. жағдай бойынша заңды тұлға туралы анықтама-мәліметтер	100%	Газ кен орындарын барлау және зерттемеу
15	«О.Д. Қантаев атындағы Мойнақ су электр станциясы»	«О.Д. Қантаев атындағы Мойнақ су электр	050540000581	Алматы, «Fortis» БО, Ходжанов көшесі, 2/22 қабат	30.06.2022 жағдай бойынша акционерлер тізілімінен	100%	Электр энергиясын өндіру (Гидроэлектростанция)

№ р/с	Толық атауы	Қысқартылған атауы	БСН	Орналасқан жері	Заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері	Эмитенттің жарғылық капиталға қатысу үлесінің мөлшері	Заңды тұлға қызметінің негізгі түрлері
	акционерлік қоғамы	станциясы» АҚ			үзінді көшірме		
16	«Алматы ЭнергоСбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Алматы ЭнергоСбыт» ЖШС	060640004748	Алматы, Қожамқұлов көшесі, 170а	30.06.2022 ж. жағдай бойынша заңды тұлға туралы анықтама-мәліметтер	100%	Электр энергиясын тарату/сату
17	«Шардара су электр станциясы» акционерлік қоғамы	«Шардара СЭС» АҚ	980940000552	Шардара қ., Оңтүстік Қазақстан облысы, Елмұратов көшесі, 13	30.06.2022 жағдай бойынша акционерлер тізілімінен үзінді көшірме	100%	Электр энергиясын өндіру (Гидроэлектростанция)
18	«Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамы	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	960840000483	Алматы, Манас көшесі, 24Б	30.06.2022 жағдай бойынша акционерлер тізілімінен үзінді көшірме	97,3965%	Электр энергиясын беру және бөлу
19	«Energy Solutions Center» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«Energy Solutions Center» ЖШС	111140017558	Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғ., 15а, Б блогы, «Q» бизнес-орталығы	30.06.2022 ж. жағдай бойынша заңды тұлға туралы анықтама-мәліметтер	100%	Әкімшілік қамтамасыз етуге арналған сервистік компания
20	«Шүлбі ГЭС» акционерлік қоғамы	«Шүлбі СЭС» АҚ	050440007892	Семей қ., Шүлбі кенті, Өнеркәсіп аймағы ш.а., 1-үй	30.06.2022 жағдай бойынша акционерлер тізілімінен үзінді-көшірме	92,14%	Электр энергиясын өндіру (Гидроэлектростанция)
21	«Өскемен ГЭС» акционерлік қоғамы	«Өскемен СЭС» АҚ	970340002423	Өскемен, Аблакетка кенті,	30.06.2022 жағдай бойынша акционерлер	89,99%	Электр энергиясын өндіру

№ р/с	Толық атауы	Қысқартылған атауы	БСН	Орналасқан жері	Заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері	Эмитенттің жарғылық капиталға қатысу үлесінің мөлшері	Заңды тұлға қызметінің негізгі түрлері
				Шлюзная көшесі, 35	тізілімінен үзінді-көшірме		(Гидроэлектростанция)
22	«Бухтарма СЭС» акционерлік қоғамы	«Бухтарма СЭС» АҚ	961240000147	Серебрянск к.к., Графтио көшесі, 5	30.06.2022 жағдай бойынша акционерлер тізілімінен үзінді-көшірме	96,32%	Электр энергиясын өндіру (Гидроэлектростанция)
23	«Ресурсэнергоуголь» жауапкершілігі шектеулі қоғам	«Ресурсэнергоуголь» ЖШҚ	ОГРН 5087746612839	Ресей, Мәскеу қ., Багратионовский даңғ., 7-үй	22.10.2019 жылғы ЕГРЮЛ-ден үзінді	50%	көмір өндіру

37. Әрбір осындай ұйым бойынша көрсете отырып, эмитент жарғылық капиталдың он және одан да көп пайызына ие болатын ұйымдар туралы мәліметтер (осы Проспектінің 17-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда) :

1) толық және қысқартылған атауы, орналасқан жерінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса): акционерлік қоғам – осындай акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының эмитентке тиесілі үлестері болып табылады.

2) эмитенттің жарғылық капиталдағы үлесі, ал мұндай ұйым акционерлік қоғам болып табылатын жағдайда - осындай акционерлік қоғамның эмитентіне тиесілі дауыс беретін акцияларының үлесі.

Жарғылық капиталының он және одан да көп пайызы эмитентке тиесілі ұйымдар жоқ (осы Проспектінің 17-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда).

38. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер:

1) кредиттік рейтингті беру объектісі (эмитент, эмитенттің бағалы қағаздары);

облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды уәкілетті органға ұсыну күнінің алдындағы күнгі кредиттік рейтингтің мәні;

кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері;

эмитенттің өз қалауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер.

2) егер кредиттік рейтинг берілген объект эмитенттің бағалы қағаздары болып табылған жағдайда, халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) және оның бекітілген күні, сондай-ақ кредиттік рейтинг берген рейтингтік агенттің атауы қосымша көрсетіледі.

Агенттіктің атауы	Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі
Агенттіктің	Fitch Ratings Ltd

орналасқан жері	30 North Colonnade Лондон E14 5GN Ұлыбритания
Рейтинг түрі	Эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингі
Күні көрсетілген кредиттік рейтингтің мәні	BB, «Оң» болжам, 16.12.2021 ж.
Купондық облигациялар (ISIN KZ2C00003986)	BB, «Оң» болжам

39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

- 1) облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы;
- 2) облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары;
- 3) эмитенттің облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

- 1) төлем агентінің толық атауы;
- 2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірістерді (облигациялардың номиналды құнын) төлейтін барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері;
- 3) эмитенттің төлем агентімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

41. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

- 1) эмитенттің акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы;
 - 2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;
 - 3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі.
- Егер, эмитенттің пікірі бойынша, мұндай мәліметтерді жария ету эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін маңызды болса, эмитенттің басқа консультанттары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

- 1) Эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған аудиторлық ұйымдардың тиісті аккредиттелген кәсіптік аудиторлық ұйымдарға тиесілілігін көрсете отырып, олардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде):

Эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылындағы қаржылық есептілігінің аудитін «ПрайсуотерхаусКуперс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүзеге асырды (Қазақстан) (Дана Инкарбекова – ЖШС «ПрайсуотерхаусКуперс» Басқарушы Директор, 2000 жылғы 18 қаңтардағы № 0000492 біліктілік куәлігі). Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 1999 жылғы 21 қазанда берген Қазақстан Республикасы бойынша аудиторлық қызметпен айналысу құқығы бар № 0000005 лицензия, «ПрайсуотерхаусКуперс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасы аудиторлар палатасының мүшесі болып табылады.

2) телефон және факс нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы (бар болса).

Тел. 8 (727) 330-32-00, Факс +7 (727) 244 68 68.

43. Осы Проспектің 3, 4, 5 және 6-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» және 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңдарына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғалары:

1) жеке тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

2) заңды тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының бірінші басшысының толық атауы, орналасқан жері және тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде).

Егер осы заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық құқықтық нысанында құрылған жағдайда, қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он немесе одан да көп пайызын иеленетін оның қатысушылары туралы мәліметтер қосымша көрсетіледі:

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері;

3) оларды эмитенттің үлестес тұлғаларына жатқызу үшін негіздеме және эмитентпен үлестес болу пайда болған күн.

Эмитент осы заңды тұлға акцияларының он және одан да көп пайызын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін иеленетін заңды тұлға болып табылатын Эмитенттің үлестес тұлғасына қатысты қосымша көрсетіледі:

эмитент акцияларының он немесе одан да көп пайызын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін иеленетін заңды тұлғаның бірінші басшысының толық атауы, орналасқан жері және тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) ;

эмитентке тиесілі акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің осы заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;

эмитент осы заңды тұлға акцияларының он немесе одан да көп пайызын немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерін иеленетін заңды тұлға қызметінің негізгі түрлері;

эмитент осы заңды тұлғаның акцияларының он немесе одан да көп пайызын немесе жарғылық капиталына қатысу үлестерін иелене бастаған күн;

егер заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық құқықтық нысанында құрылған жағдайда, қатысу үлесі көрсетіле отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он немесе одан да көп пайызын иеленетін оның өзге де қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі;

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері.

Облигацияларды шығару кезінде арнайы қаржы компаниясы үлестестікті тану үшін негіздемені және оның туындаған күнін көрсете отырып, секьюритизлендіру мәмілесі тараптарының үлестестігі туралы ақпаратты ашады.

Эмитенттің үлестес тұлғалары туралы ақпарат Қаржылық есеп беру депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған.

44. Эмитенттің облигациялар шығарылымына және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындардың қалай төленетіні туралы мәліметтер.

Облигациялық бағдарламаны тіркеу кезінде бұл тармақ толтырылмайды.

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры



А.Рысқұлов

Handwritten signature

Прошло и пронумеровано
54 листов

Управляющий директор по экономике и финансам Рыскулов А.К.

